Основной целью Фонда является поиск инвестиционных возможностей и предоставление услуг для реализации проектов в странах, через которые проходит новый Шелковый путь. Предполагается, что Фонд будет в основном осуществлять инвестиции в инфраструктуру, а также в развитие промышленной и финансовой кооперации. Весь капитал Фонда принадлежит Китаю, а основными источниками финансирования являются Государственная администрация иностранной валюты Китая (65%), Китайская Инвестиционная Корпорация (15%), Экспортно-импортный банк Китая (15%) и Банк развития Китая (5%). В дальнейшем Фонд будет привлекать институциональных инвесторов из других стран, готовых осуществлять долгосрочные инвестиции [4].

Заключение

Китай будет еще больше разъяснять миру влияние и роль Китая в проекте «Один пояс - один путь», поскольку многие страны мира поставили перед Китаем огромные надежды. Вклад Китая в «Один пояс - один путь» придет к выводу историей и международным сообществом. Однако Китай, безусловно, не является всемогущим спасителем, но он должен быть добросовестным служащим скорой помощи и ответственным обслуживающим персоналом для всего мира.

Цитируемая литература:

1. 中国对外直接投资驶入发展快车道 // <http://money.163.com/15/0915/18/B3IRPABK00253B0H.html>
2. »一带一路»：中国倡议 // 世界共享 // <http://theory.people.com.cn/n1/2017/0501/c83848-29256998.html>
3. Экономический пояс шелкового пути: возможности и перспективы // <https://yvision.kz/post/520219>
4. Стратегия экономического развития «Один пояс — один путь» // <https://ria.ru/spravka/20170514/1494097368.html>

**Ж.С. Жунисов,
С.Ж. Айдарбаев**

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ СОТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АКТИЛЕРІ

Abstract. One of the most effective mechanisms for ensuring international security is the strengthening of international economic cooperation between states. It is well known that integration is the highest form of interstate economic cooperation. One of such economic integration associations is the Eurasian Economic Union, and unification and harmonization of national legislation is one of the tools for bringing together the economic systems of the member states within the framework of this unification. These instruments, in turn, receive their implementation not only through international treaties, but also through the relevant acts of the court of the integration association. From this position, the study of the articles of the Court of the Eurasian Economic Union is one of the topical tasks of legal science.

In the article presented, the authors give a general description of the Court of the Eurasian Economic Union. In so doing, they pay attention to the requirements for judges of this judicial body, the legal basis for the activities of the Court, its competence, the composition of the Court and its apparatus.

After a general characterization of the Court, the authors pass to issues related to the acts of the Court of the Eurasian Economic Union. In the article, the terms «the act of the Court», «the decision of the Court», «the Court's ruling» and the «advisory opinion of the Court» are analyzed. In the third part of the article the authors turn to the procedural aspects of the adoption of various types of acts of the Court of the Eurasian Economic Union.

The authors refer to all cases when different types of acts of the Court are adopted and differentiate between them.

In the final part of the article the authors generalize their conclusions. In particular, they distinguish three types of decisions of the Court: the protocol-based formation of the Court, a decree issued as a separate act, and an explanatory decree explaining the Court's decision already made. The differences between these types of decisions are in the subject matter and adoption procedures.

Kіrіспе

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең тиімді тетіктерінің бірі мемлекеттердің экономикалық қатынастарын нығайту болып табылады. Соның ішінде, бұл қатынастарды нығайтудың ең жоғары нысаны экономика саласындағы интеграция болатыны белгілі. Осындай экономикалық интеграциялық бірлестіктердің бірі Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) болып отыр және оның шеңберінде мүше елдердің экономикалық жүйелерін бір келкіге келтірудің бірден бір құралы – унификация мен гармонизация болып табылады. Бұл құралдар, өз кезеңінде, тек халықаралық шарттар арқылы ғана емес, интеграциялық бірлестік сотының тиісті актілері арқылы да жүзеге асырылып отырады. Осы тұрғыдан ЕАЭО Сотының актілерін зерттеу маңызды мәселелердің бірі болмак.

1.1 Еуразиялық экономикалық одақ Сотының жалпы сипаттамасы

2014 жылдың 29 мамыр күні қабылданған Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың «Одақ соты» деп аталатын 19 бабы бойынша Сот Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан ары - ЕАЭО) тұрақты түрде қызмет ететін сот органы болып табылады [1].

Бұл сот органының мәртебесі, құрамы, құзыреті, қызмет ету және калыптастыру тәртібі жоғарыда аталаған Астана Шарттың 2-ші қосымшасы болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Сотының (бұдан ары - ЕАЭО Соты) Статутымен белгіленеді [2]. Сот Минск қаласында (Беларусь Республикасы) орналасқан. Ол өз қызметін 2015 жылдың 1 қантар күнінен бастады. ЕАЭО Сотының басты мақсаты мүше мемлекеттер мен Одақ органдарының Астана Шарттын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші елдермен жасалған халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

ЕАЭО Сотының судьялары (Сот Статутының 7-21 тармактары). ЕАЭО әрбір мүше мемлекеттегі ЕАЭО Сотының құрамына екі судьядан тағайындалады. Олардың өкілеттіктерінің мерзімі тоғыз жылды құрайды. Статутқа сәйкес судьялар моральдік қасиеттері жоғары адамдар, халықаралық және ұлттық құқық саласында жоғары біліктілігі бар мамандар, сондай-ақ мүше мемлекеттердің жоғарғы сот органдарының судьяларына қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Судьялар өз қызметтеріне мүше мемлекеттердің ұснынды бойынша Жоғарғы еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен тағайындалады. Өз қызметіне кірісере де судьялар ант береді. Әділсогты жүзеге асыру кезінде барлық судьялардің құқықтары тең және мәртебелері бірдей

болып есептеледі. Олар мемлекеттік не мемлекетаралық органдар мен ұйымдардың, коммерциялық құрылымдардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың, сондай-ақ аумактардың, ұлттардың, халықтардың, әлеуметтік және діни топтардың және жекелеген адамдардың мүдделерін өкіл етеді алмайды.

Бүтінгі күні Соттың құрамына бес мемлекеттен он судья кіреді. Соттың қызметіне оның Төрағасы басшылық етеді. Төрағаның орынбасарлары болады. Соттың Төрағасы мен оның орынбасарлары судьялардың ішінен Соттың Регламентіне сәйкес сайланады және Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңеспен бекітіледі. Соттың төрағасы мен оның орынбасары бір мүше мемлекеттің азаматтары бола алмайды. Олар өз өкілеттіктерін үш жыл бойы атқарады.

Бүтінгі күні Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 23 желтоқсан 2014 жылғы № 104 шешімімен Соттың төрағасы болып Ресей азаматы А.А. Федорцов, оның орынбасары болып Қазақстан азаматы – Ж.Н. Баишев тағайындалды [3].

ЕАЭО Соты қызметінің құқықтық негізі болып келесі құжаттар табылады:

1) Астана Шартты және оның ажырамас бөлігі – ЕАЭО Сотының Статуты;

2) Астана шарттың жүзеге асыру шеңберінде қабылданған Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдері, әсіресе, келесілер:

- «Еуразиялық экономикалық одақ Сотына жүргіну кезінде шаруашылық субъектілерімен төленген баждың мөлшерін, төлеу валютасын, қабылдау, пайдалану және қайтарып беру тәртібін анықтау туралы» Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 10 қазан 2014 жылғы №85 Шешімі [4];

- «Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентін бекіту туралы» Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 23 желтоқсан 2014 жылғы №101 Шешімі [5];

- «Нысанасы арнайы корғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар мәселелері болып табылатын дауларды қарастыру шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ Сотымен құрылатын мамандандырылған толттардың сарапшылары қызметіне төлеу тәртібі туралы» Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 23 желтоқсан 2014 жылғы №102 Шешімі [6].

ЕАЭО Сотының құзыреті (Сот Статутының 39-51 тармактары) біздер үшін өте маңызды мәселе. ЕАЭО Соты Астана шарттының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдары шешімдерінің жүзеге асырылу мәселелері бойынша туындастырылған мәселелерді екі жағдайда қарастырады [7, С. 38-39]:

1) мүше-мемлекеттің өтініші бойынша:

- Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шартына сәйкестігі туралы;
 - басқа мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Астана Шартын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сактау туралы;
 - Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шартына, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкестігі туралы;
 - Комиссия әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы;
- 2) шаруашылық субъектісінің өтініші бойынша:
- кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы, егер мұндай шешім әлде оның жекелеген ережелері Астана шартымен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына алып келсе;
 - кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін тікелей қозғайтын Комиссияның әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы, егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) Астана шартымен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына алып келсе.

Шаруашылық субъекті болып мүше-мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға, әлде мүше-мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға табылады.

Мүше-мемлекеттер Соттың күзыретіне Астана шартымен, Одақ шеңберіндегі шарттармен, Одақтың үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарымен немесе мүше мемлекеттер арасындағы өзге де халықаралық шарттармен Сотта қарастырылуы тікелей көзделген басқа да дауларды жатқыза алады.

Дауды шешу бойынша Сот күзыретінің болуы мәселесі Соттың өзімен шешіледі. Дауды қарастыру күзыретінің болуын анықтау кезінде Сот Астана шартын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақтың үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттың басшылыққа алады.

Одақ органдарына Астана шартында және (немесе) Одақ шеңберіндегі басқа халықаралық шарттарда тікелей көзделген өкілеттіктерден басқа қосымша өкілеттіктер беру Соттың күзыретіне кірмейді. Өтініш білдіруші мәселені сотка дейінгі тәртіппен кеңесулер, келіссөздер немесе Астана шартында және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өзге де тәсілдер арқылы мүше-мемлекетке немесе Комиссияға алдын ала реттеу үшін ұсынбаса (Астана шартында тікелей қарастырылған жағдайларды есептемегендे), дау Соттың қарастыруына қабылданбайды.

Егер мүше-мемлекет немесе Комиссия өтініш білдірушінің өтініші түскен күннен бастап 3 ай ішінде мәселені сотка дейінгі тәртіппен шешуге шара қабылдамаса, дауды қарастыру туралы өтініш Сотқа жолдана алады.

Дауға қатысуышылардың өзара келісіу бойынша дау Соттың қарастыруына аталаған мерзімнің аяқталуына дейін беріле алады.

Сот мүше-мемлекеттің немесе Одақ органдарының өтініші бойынша Астана шартының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелерін, сондай-ақ Одақ органдарының және Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өтініштері бойынша еңбек құқықтық қатынастарға байланысты Астана шартының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелерін түсіндіреді.

Соттың түсіндіруі консультативтік қорытынды беру арқылы жүзеге асырылады және мүше мемлекеттерді халықаралық шарттарды бірігіп талқылау құқығынан айырмайды.

Егер Одақтың үшінші тараппен жасалған халықаралық шартында көзделген болса, Сот мұндай шарттың ережелерін түсіндіреді.

Мүше-мемлекеттің атынан дауды қарастыру немесе түсіндіру туралы өтінішпен жүгіну мүше мемлекеттің үәкілетті органдарымен және үйымдарымен жүзеге асырылады, мұндай үәкілетті органдар мен үйымдардың тізімін әрбір мүше мемлекеттің өзі анықтайды және Сотқа дипломатиялық арналар арқылы жолдайды.

Сот әділдігін жүзеге асыру кезінде ЕАЭО Соты келесі қайнар көздерді басшылыққа алады:

- 1) халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларын;
- 2) Астана шартын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және дауға қатысуши елдердің өзге де халықаралық шарттарын;
- 3) Одақ органдарының шешімдері мен үйірмадарын;
- 4) құқықтық норма ретінде танылған жалпыға бірдей практиканың дәлелі ретінде халықаралық әдет-ғұрынты.

Дауларды шешуге, түсіндіруге және талқылауга қатысты Астана шарттының, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттардың және Одактың үшінші тарарапен жасалған халықаралық шарттардың ережелері Статутқа қайшы келмейтін жағынан ғана қолданылады.

Сот әділдігінің қағидаларына келmek болсақ, ЕАЭО Соты сот өндірісін келесі қағидаларға сүйеніп іске асырады:

- соттардың тәуелсіздігі;
- сот үдерісінің жариялышы;
- көшілділік;
- дау тараптарының тендігі;
- бәсекелестік;
- алқалылық.

Сот өндірісі қағидаларының жүзеге асырылу тәртібі Регламентпен реттеледі.

Соттың құрамдары (Сот Статутының 70-81 тармақтары). Истер Соттың Үлкен алқасы (коллегиясы), Сот алқасы (коллегия) және Соттың Апелляциялық палатасы құрамында қарастырылады.

Соттың Үлкен алқасы (коллегиясы) дауларды шешу туралы істерді Статуттың 39 тармағының 1 тармақшасында көзделген жағдайларда қарастырады. Бұл тармақшада ЕАЭО Соты Астана шарттының, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одак органдары шешімдерінің жүзеге асырылу мәселелері бойынша туындастырылады. Мәселелерді келесі жағдайда қарастырады дейінген, атап айтқанда: 1) мүше-мемлекеттің өтініші бойынша:

- Одақ шенберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шарттына сәйкестігі туралы;
- басқа мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Астана Шарттын, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одак органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сактау туралы;
- Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шарттына, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одак органдарының шешімдеріне сәйкестігі туралы;
- Комиссия әрекеттің (әрекетсіздігін) даулау туралы.

Регламентпен қарастырылған процедуралық мәселелер, сондай-ақ түсіндіру туралы істер Соттың Үлкен Алқасының отырыстарында қарастырылады және оның құрамына Соттың барлық судьялары кіреді. Соттың Үлкен алқасының отырысы Соттың барлық судьялары қарысқан жағдайда ғана занды деп есептеледі.

Сот алқасы (коллегиясы) дауларды шешу туралы істерді Статуттың 39 тармағының 2 тармақшасында көзделген жағдайларда қарастырады. Яғни, ЕАЭО Соты Астана шарттының, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдары шешімдерінің жүзеге асырылу мәселелері бойынша туындастырылады. Сот алқасының жағдайда қарастырады дейінген, атап айтқанда:

- 2) шаруашылық субъектісінің өтініші бойынша:

- кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен занды мүдделерін тіkelей қозғайтын Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шарттына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы, егер мұндай шешім алде оның жекелеген ережелері Астана шартымен және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылуына алып келсе;

- кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шаруашылық субъектісінің құқықтары мен занды мүдделерін тіkelей қозғайтын Комиссияның әрекеттің (әрекетсіздігін) даулау туралы, егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) Астана шартымен және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылуына алып келсе.

Сот алқасының құрамына әр мүше мемлекеттен бір судьядан кезекпен кіргізіледі. Сот алқасының отырысы әр мүше мемлекеттен бір судьядан қарысқан жағдайда ғана занды деп есептеледі.

Сот алқасының шешімдеріне шағым келтіру туралы өтініштер Соттың Апелляциялық палата құрамында қарастырылады. Соттың Апелляциялық палатасының құрамына Сот алқасының шешіміне шағым келтіруге негіз болған істің қаралуына қарастырапан судьялар кіреді. Соттың Апелляциялық палатасының отырысы әр мүше мемлекеттен бір судьядан қарысқан жағдайда ғана занды деп есептеледі.

Соттың аппараты (Сот Статутының 22-38 тармақтары). Соттың қызметтің оның Аппараты қамтамасыз етеді. Аппарат құрылымына судьялардың хатшылықтары және Сот Хатшылығы кіреді. Судьяның хатшылығы оның кеңесшісі мен көмекшісінен құралады.

Сот қызметтің құқықтық, ұйымдық, материалдық-техникалық және өзге де қамсыздандырылуы Сот Хатшылығымен жүзеге асырылады.

Сот Хатшылығының құрылымы мен саны Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңесспен бекітіледі. Соттың Хатшылығының оның басшысы баскарады. Сот Хатшылығы басшысының екі орынбасары болады. Сот Хатшылығының басшысы мен оның екі орынбасары Соттың лауазымды

адамдары болып есептеледі. Олардың қызметкө тағайындалуы мен қызметтөн босатылуы Статутқа сәйкес жүзеге асырылады.

1.2 Еуразиялық экономикалық одақ Соттың қарастыру актілері

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының VII-тарауы «Соттың актілері» деп аталады (95-117 тармақтар).

Сол сияқты ЕАЭО Соты Регламентінің IX тарауы да (77-87 баптар) «Соттың актілері» деп аталады [8].

Осы екі негізгі құжатта ЕАЭО Соттың актілері жөнінде толық ақпарат бар, сондыктанда, ең алдымен, осы құжаттардың тиісті ережелеріне шолу жасап шығу керек.

Аталған екі құжаттың арақатынасына келсек, 88 баптан тұратын Соттың Регламенті ЕАЭО туралы Шартпен бекітілген Сот Статутының кеңейтілген және толықтырылған нұсқасы болып табылатынын айтып кету керек [9].

Сот Регламентінің «Анықтамалар» деп аталатын 1-бабына сәйкес:

- «Соттың акті» – ол, Соттың шешімі, Соттың консультативтік қорытындысы немесе Соттың қаулысы;
- «Соттың шешімі» – Сот Статутының 104-110 тармактарынды көзделген істерді қарастыру нәтижелері бойынша шығарылатын Соттың акті;
- «Соттың консультативтік қорытындысы» – түсіндіріп беру туралы өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша қабылданатын Соттың акті;
- «Соттың қаулысы» – Сот қызметінің процедуралық мәселелері бойынша сот өндірісін жүргізу барысында шығарылатын Соттың акті.

Сонымен, Соттың шығаратын үш түрлі акті болады: шешім, консультативтік қорытынды және қаулы.

Сот Статутының 95 тармағына сай Регламентпен белгіленген мерзім ішінде ЕАЭО Соты Сот қызметінің процедуралық мәселелері бойынша қаулылар қабылдайды, олардың ішінде:

- 1) өтінішті өндіріске қабалдау немесе қабылдама туралы;
- 2) іс бойынша өндірісті кідірту (уақытша тоқтату) немесе қайта жалғастыру туралы;
- 3) іс бойынша өндірісті тоқтату туралы.

Сот Регламентінің 84 бабы бойынша Сот қаулысының екі түрі болады:

- 1) Соттың жеке дара акті ретінде шығарылатын қаулы. Ол Соттың кеңесу бөлмесінде шығарылуы тиіс және Регламенттің Сот шешімдеріне қоятын талаптарға сәйкес болуы керек;
- 2) хаттамалалық қаулы. Сот мәжілісінің залында шығарыла береді, аудында жарияланады және сот мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

Сот қаулысының қай түрі болса да, олар соңғы шешім ретінде шағымдануға жатпайды.

Қаулылардың аталған екі түрінің, яғни жеке дара және хаттамалалық қаулылардың айырмашылығын процедуралық жағынан ғана өткізуге болады деп есептейміз.

Бұған қоса, ЕАЭО Соты қаулылардың тағы бір түрін қабылдайды, олар дауға қатысушы тараптың өтініші бойынша қабылданатын Сот шешімін түсіндіретін қаулы. Қаулылардың бұл түрінің болуы Сот Статутының 117 тармағында көрсетілген. Ол тармақта дауға қатысушы тараптардың негізделген өтініші бойынша Сот шешімі Соттың өзімен түсіндіріліп беріле алады, бірақ мұндай түсіндіру кезінде шешімнің мәні мен мазмұны өзгермеу тиіс делінген.

Мұндай қаулыларға қойылатын талаптар «Сот шешімін түсіндіріп беру» деп аталатын Сот Регламентінің 87 бабында бекітілген. Шешімді түсіндіру туралы Сот қаулысы шешімді шығарған Сот құрамымен қабылдануы тиіс. Шешімді түсіндіру барысында оның мәні мен мазмұны өзгертілмей керек. Мұндай қаулы өтініш түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде шығарылуы тиіс. Сот шешімін түсіндіру туралы қаулының көшірмесі тараптарға, сондай-ақ Сот шешімі жолданған мүдделі дауға қатысушыларға жіберіледі.

ЕАЭО Соты актілерінің екінши түрі консультативтік қорытындылар. Олар, Сот Статутының 96 тармағына сәйкес Сотқа түсіндіру туралы өтініш түскен күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей шығарылуы тиіс. Статутың 98 тармағына сай түсіндіру туралы өтініш бойынша қабылданатын консультативтік қорытынды ұсынымдық сипатта болады, яғни оның міндеттеуіші күші болмайды.

Сот Регламентінің 85 бабы Соттың консультативтік қорытындыларына арналған. Мұндай қорытындылар дауыстардың көпшілігімен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған барлық судьялар қол қояды. Төрағалық етуші судья соңғы болып дауыс береді. Судьялар дауыс беруден бас тарту күккүнгіна ие емес.

Қабылданған консультативтік қорытынды өтініш берушіге жолданады. Соттың консультативтік қорытындылары Одақ органдары актілерін аудару үшін белгіленген тәртіпте мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдеріне аударылады және Соттың реңсі сайтында орналастырылады.

ЕАЭО Соты актілерінің ең маңыздысы оның шешімдері. ЕАЭО Соты Статутының 96 тармағына сәйкес Сотқа өтініш түскеннен кейін 90 күннен кешіктірілмей дауды қарастыру нәтижесінде шешім шығарылады. Статутың 97 тармағы бойынша 90-күндік мерзім Регламентте көзделген жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

ЕАЭО Статутының 101-103 тармактарына сәйкес Сот шешімі берілген етініштегі мәселелер шегінен шығпауы туіс, Одақ құқығы мен мүше мемлекеттер заңнамасының колданыстағы нормаларын өзгертпеудің және жокка шығармауды керек, сондай-ақ жана нормалар шығармауды қажет. Сол сияқты Статуттың 111-113 тармактарының ережелеріне нұксан келтірмesten дауға қатысушылар Сот шешімін орындаудың нысаны мен тәсілін дербес түрде анықтайды.

ЕАЭО Сотының шығаралық шешімдерінің екі түрі бар:

1) Статуттың 39-бабының 1-тармағымен көзделген дауларды қарастыру нәтижесінде шығарылатын шешімдер. Олар дауға қатысушылармен орындалуға міндепті шешімдер (99 тармак);

2) Статуттың 39-бабының 2-тармағымен көзделген дауларды қарастыру нәтижесінде шығарылатын шешімдер. Олар Комиссиямен орындалуға міндепті шешімдер (100 тармак).

Статуттың 39-бабының 1-тармағында былай делінген: ЕАЭО Соты Астана шартының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдары шешімдерінің жузеге асырылу мәселелері бойынша туындастырылған мәселелерді келесі жағдайда қарастырады:

1) мүше-мемлекеттің етініші бойынша:

- Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шартына сәйкестігі туралы;

- басқа мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) Астана Шартын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдарының шешімдерін, сондай-ақ көрсетілген халықаралық шарттардың және (немесе) шешімдердің жекелеген ережелерін сактау туралы;

- Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана Шартына, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкестігі туралы;

- Комиссия әрекеттің (әрекетсіздігін) даулау туралы.

Статуттың 39-бабының 2-тармагы бойынша Сот Астана шартының, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдары шешімдерінің жузеге асырылу мәселелері бойынша туындастырылған мәселелерді келесі жағдайда қарастырады:

2) шығашылық субъектісінің етініші бойынша:

- кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шығашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мұдделерін тіkelей қозғайтын Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы, егер мұндай шешім әлде оның жекелеген ережелері Астана шартымен және (немесе) Одақ шеңберіндесінде

халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына алып келсе;

- кәсіпкерлік және өзге де экономикалық қызмет аясындағы шығашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мұдделерін тіkelей қозғайтын Комиссияның әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы, егер мұндай әрекет (әрекетсіздік) Астана шартымен және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен берілген шаруашылық субъектісінің құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына алып келсе.

Көріл отырганымыздай, ЕАЭО Соты шешімдерінің бірінші түрі мүше-мемлекеттің етініші бойынша қарастырылған іс бойынша шығарылса, екінші түрі шығашылық субъектісінің етініші бойынша шығарылады. Сонымен қатар, ЕАЭО Соты шешімінің бірінші түрі мүше-мемлекеттің басқа мүше мемлекетке (мүше мемлекеттерге) немесе Комиссияға қарсы етініші бойынша қабылданса, екінші түрі шығашылық субъектісінің Комиссияға қарсы етініш бойынша қабылданады. Бұл ЕАЭО Соты шешімдерінің субъектілер бойынша айырмашылығы.

Екіншіден, ЕАЭО Соты шешімдерінің процедуралық мәселелер бойынша айырмашылығы бар. Яғни, ЕАЭО Соты шешімдерінің бірінші түрі Соттың Үлкен алқасымен қарастырылса (оның құрамына барлық судьялар кіреді), екінші түрі - Сот алқасымен қарастырылады (оның құрамына судьялардың жартысы ғана, ер елден бір судьядан кіреді).

Ушіншіден, ЕАЭО Соты шешімдерінің құқықтық салдары бойынша да айырмашылығы бар. Яғни, Сот шешімдерінің бірінші түрі - Үлкен алқамен қарастырылған істер шағымдануға жатпайды (оларға шағым келтіруге болмайды), ал шешімдердің екінші түріне - Сот алқасымен қарастырылған істерге Апелляциялық палатага шағым келтіруге болады.

Сот шешімдерінің бірінші түрінің өзін екіге беліп қарастыруға болады. Біріншісі, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына сәйкестігі туралы мүше-мемлекеттің етініші бойынша Үлкен алқамен істі қарастыру нәтижесінде ЕАЭО Соты екі түрлі шешім шығара алады (104 тармак):

1) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына сәйкестігі туралы;

2) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына сәйкес еместігі туралы.

Екінші жағдайда, Астана шартын, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және (немесе) Одақ органдары шешімдерін басқа, сондай-ақ олардың жекелеген ережелерін мүше-мемлекеттің (мемлекеттердің) сактау туралы мүше-мемлекеттің етініші негізінде істі қарастыру нәтижелері бойынша Соттың Үлкен алқасы келесі шешімдер шығара алады (105 тармак):

1) мүше-мемлекеттің (мемлекеттердің) Астана шартын, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдары шешімдерін, сондай-ақ олардың жекелеген ережелерін сактау фактісі туралы;

2) мүше-мемлекеттің (мемлекеттердің) Астана шартын, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарды және (немесе) Одақ органдары шешімдерін, сондай-ақ олардың жекелеген ережелерін сактамау фактісі туралы.

Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдары шешімдеріне сәйкес еместігі туралы;

1) Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдары шешімдеріне сәйкес еместігі туралы;

2) Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Астана шартына, Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдары шешімдеріне сәйкестігі туралы (Статуттың 106 тармагы).

Жоғарыдағы үкіс жағдай - мүше-мемлекеттің өтініші негізінде Комиссия әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы істерді қарастыру нәтижесінде Соттың Үлкен алқасы келесі шешімдер шығара алады (107 тармақ):

1) дауланатын әрекетті (әрекетсіздікті) Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес еместігі туралы;

2) дауланатын әрекетті (әрекетсіздікті) Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігі туралы;

Соттың Үлкен алқасы шығарған шешімдерге катысты талаптарды Статуттың 81 бабы белгілейді. Мұндай шешім соғызылық сипаттына ие және шағым келтіруге рұқсат етілмейді. Ол шығарылған күннен бастап күшіне енеді.

Жоғарыдағы жағдайлар мүше-мемлекеттердің өтініші негізінде қарастырылған істер бойынша ЕАЭО Соттың шешімдеріне катысты болды. Енді шаруашылық субъектілерінің өтініштері негізінде қарастырылатын істерге катысты шешімдерге де көңіл белейік.

Сонымен, Статуттың 108 тармағына сәйкес егер Комиссияның шешімі немесе оның жекелеген ережелері Астана шартымен және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттармен шаруашылық субъектісінің кәсіпкерлік әлде өзге де экономикалық қызмет аясындағы құқықтары мен заңды мұдделерін бұзатындығын тану туралы.

ондай субъекті Сотқа өтініш берे алады және мұндай өтініш негізінде істі қарастыру нәтижесінде ЕАЭО Соттың алқасы келесі шешімдер қабылдай алады:

1) Комиссия шешімін немесе оның жекелеген ережелерін Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес деп тану туралы;

2) Комиссия шешімін немесе оның жекелеген ережелерін Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес емес деп тану туралы.

Егер 108 тармақ Комиссия шешіміне қатысты болса, 109 тармақ Комиссияның әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты құрастырылған. Сонымен, Комиссияның әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы шаруашылық субъектісінің өтініші бойынша істі қарастыру нәтижесінде Сот алқасы келесі шешімдерді шығара алады:

1) Комиссияның дауланып отырган әрекетінің (әрекетсіздігінің) Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес еместігін және шаруашылық субъектісінің кәсіпкерлік әрі өзге де экономикалық қызмет аясындағы құқықтары мен заңды мұдделерін бұзатындығын тану туралы;

2) Комиссияның дауланып отырган әрекетінің (әрекетсіздігінің) Астана шартына және (немесе) Одақ шенберіндегі халықаралық шарттарға сәйкестігін және шаруашылық субъектісінің кәсіпкерлік әрі өзге де экономикалық қызмет аясындағы құқықтары мен заңды мұдделерін бұзбайтындығын тану туралы

Статуттың 82 бабына сәйкес Сот алқасының шешімі Соттың шешімі болып табылады және оған Соттың Апелляциялық палатасына шағым келтірілмесе, шешім шығарылған күннен бастап он бес күн өткениен кейін күшіне енеді.

Сонымен жоғарыда біз ЕАЭО Соттың Алқасымен және Үлкен алқасымен шығарылған шешімдерге тоқталдық. Енді ЕАЭО Соттың тағы бір шешімдерін түріне, яғни ЕАЭО Соттың Апелляциялық палатасымен шығарылатын шешімдерге де тоқталып кетейік. Мұндай шешімдерге Сот Статуттың 110 тармагы арналған. Айта кетейік, Апелляциялық палата тек шаруашылық субъектілерінің өтініштері негізінде қарастырылған істер бойынша Сот Алқасының шешімдеріне шағым түсірілген кезде іске кіріседі.

Сот Алқасы шешіміне шағым келтіру жөніндегі шаруашылық субъектісінің өтініші негізінде қарастырылған істің нәтижелері бойынша ЕАЭО Соттың Апелляциялық палатасы келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) Сот Алқасының шешімін өзгеріссіз қалдыру, ал шағым арызды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

2) Сот Алқасының шешімін толығымен не ішінара жою немесе оны өзгерту, Статуттың 108 және 109 тармактарына сәйкес іс бойынша жаңа шешім шыгару туралы.

Сот Регламентінің 83 бабына сәйкес Апелляциялық палатаның шешімі Соттың шешімі болып табылады, ол соңғылық сипатка ие болады және оған шағым келтіруге болмайды.

Сейтіп, ЕАЭО Соттың барлық шешімдерін қабылдайтын субъектісіне қарай үшке бөлуге болады: Сот Алқасымен, Соттың Үлкен Алқасымен және Апелляциялық палатамен қабылданатын шешімдер.

Соттың кез келген акті Соттың ресми бюллетенінде және Соттың ресми интернет-сайтында жариялануы тиіс.

Сонымен, біз осы бөлімше шеңберінде ЕАЭО Соттың қабылдайтын үш түрлі актілерін де қарастырып шықтық. Олар: қаулылар, консультативтік қорытындылар және шешімдер.

1.3 Еуразиялық экономикалық одақ Соты актілерінің процедуралық қырлары

ЕАЭО Соты актілерінің қабылдануына байланысты процедуралық мәселелері аса өзекті мәселе болып табылады. Соңдықтанда оларға Соттың Регламенті мен Статуты ерекше көніл бөлгенді. Атаған нормативтік құжаттар Сот шешімдеріне көбірек назар аударады және ол түсінікті де, өйткені Сот актілерінің ішінен көбірек кездесетіні және жиі қолданылатыны шешімдер болып отыр.

ЕАЭО Соты Регламентінің 77 бабы Сот шешімін қабылдау тәртібіне арналған. Соттың шешімі кеңесу бөлмесінде қабылдануы тиіс және шешімді қабылдау кезіндегі талқылаудың мазмұны, жекелеген судьялардың көзқарастары қупия болып табылады. Шешім дауыстардың көпшілігмен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Төрағалық етуші судья соңғы болып даусын береді. Дауыс беруден бас тартуға болмайды.

Егер шешім қабылдау кезінде жаңа жағдаяттарды анықтау немесе дауды қарастыру үшін маңызы бар дәлелдемелерді қосыма зерттеу, соңдай-ақ сараптама жүргізу, маман шақыру қажет деп танылса, Сот оң өндірісін ары қарай жалғастырады және ол жөнінде арнайы қаулы қабылдайды.

Регламенттің 78 бабы Соттың шешіміне қойылатын талаптарды белгілейді. Сот шешімі кіріспе, сипаттау, дәлелдеу және қорытындынан беліктерден тұруы тиіс. Шешімнің кіріспе белімінде шешімниң қабылданған уақыты мен жері, шешім шығарған Соттың атальымы, оның күрамы, сот мәжілісінің хатшысы, даудың тараптары және дауыс (Регламенттің 80 бабы).

қатысуышы өзге де тұлғалар мен дауга мұдделі қатысуушылар туралы мәліметтер, даудың заты көрсетілуі керек.

Шешімнің сипаттау бөлімінде талапкердің талаптары, жауапкердің қарсы пікірі немесе қойылған талаптарды мойындауы, талапкердің және дауга қатысуышы өзге де тұлғалардың түсініктемелері, Сотпен анықталған даудың мән-жайлары көрсетіледі.

Шешімнің дәлелдеу бөлімінде Соттың басшылыққа алған құқық нормалары, Сот қорытындыларының негізделген дәлелдемелері және, мамандандырылған топтың қорытындысын қоса алғанда тиісті дәлелдемелерді Сотпен қабылдамау себептері көрсетіледі.

Сот шешімінің қорытынды бөлімінде Статуттың 104-110 тармактарына сәйкес талапкердің талаптарын толық әлде ішінара қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы Соттың түйіндемесі, бажды қайтару, шешімге шағым келтіру мерзімі мен тәртібі туралы ережелер белгіленеді.

Сот шешімі қисынды болуы керек, оның іштей қайшылықтары мен бір біріне сәйкес келмейтін ережелері болмауы тиіс. Шешімді қабылдауға қатысқан барлық судьялар оған қол қояды, солардың ішінде ерекше пікірі бар судьялардың да қолтаңбалары болуы тиіс.

Соттың шартты немесе баламалы шешімдеріне жол берілмейді.

Регламенттің 79 бабына сәйкес Соттың шешіміне әлде оның жекелеген ережелеріне келіспейтін судья Сот шешімін қабылдау кезінде өзінің ерекше пікірін жариялай алады. Мұндай судья Сот шешімін жария еткеннен кейін бес күннің ішінде өзінің ерекше пікірін жазбаша турде беруі тиіс және ол істің материалдарына қосылып, жарияланады.

Сот шешіміне қол қойылғаннан кейін оны сот мәжілісінде төрағалық етуші судья немесе баяндаушы-судья жария етеді. Дауга қатысуышы тұлғалардың біреуінің сот мәжілісінің залында болмауы шешімнің жария етілуіне кедерігі жасамайды. Тараптардың етініші бойынша немесе олардың болмауы кезінде шығарылған шешімнің тек қорытынды бөлігі ғана жария етілуі мүмкін. Ерекше пікірі бар судьялар жөнінде шешімді жария ету кезінде хабарланады. шешім жария етілгеннен кейін Сот оның көшірмесін тараптар мен дауда мұддесі бар тұлғаларға жолдайды және шешімді қабылдаған күннің ертесінен кешіктірмей шешімді Соттың ресми сайтында орналастырады. Егер істің материалдарына ерекше пікір қосылған болса, оның көшірмесі тараптарға және дауда мұддесі бар тұлғаларға жария еткен күннен бастап алты күн ішінде жолданады (Регламенттің 80 бабы).

Регламенттің 86 бабына сәйкес Сот тараптардың етініші бойынша немесе өз бастамасымен Сот актісінде кездесетін техникалық қателерді түзетуге құқылы. Бірақ мұндай жағдайда актінің мазмұны өзгертилмейі

керек. Мұндай түзету туралы тиісті қаулы шығарылуы тиіс және бұл қаулы Сот актісінің ажырамас бөлігіне айналады және істің материалдарына қосылады. Сот қаулысының көшірмесі тараптарға немесе олардың өкілдеріне, сондай-ақ Соттың актісі жіберілген өзге де тұлғаларға жолданады.

Статуттың 111-115 тармақтарында Сот шешімдерінің орындалуына қатысты маңызды ережелер бекітілген. 111 тармаққа сәйкес Астана шарттына және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп танылған Комиссия шешімінің әлде оның жекелеген ережелерінің әрекеті Соттың тиісті шешімі құшіне енгенниен кейін де шешімнің Комиссиямен орындалу сәтіне дейін жалғаса береді. Комиссияның мұндай шешімі ақылға сыйымды, бірақ 60 күннен аспайтын мерзім ішінде Астана шарттына және (әлде) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келтірілуі тиіс. Соттың шешімінде басқа да мерзім белгіленуі мүмкін.

Статуттың 112 тармағы бойынша дау тараптының негізделген өтінішіне сәйкес Астана шарттына және (әлде) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп Сотпен танылған Комиссия шешімінің әлде оның жекелеген ережелерінің әрекеті Сот шешімінің құшіне енген күннен бастап Соттың бөлек шешімімен уақытша тоқтатылуы мүмкін.

113 тармаққа сай Комиссия ақылға сыйымды, бірақ 60 күннен аспайтын мерзімде Соттың шешімін орындауға міндетті.

Егер Соттың шешімі орындалмаса мүше-мемлекеттің шешімді орындауға қатысты қажетті шараларды қабылдау мақсатында Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңеске жүгінүү күкірткышы бар (114 тармак).

Егер Комиссия шаруашылық субъектісіне қатысты Сот шешімін орындаамаса, мұндай субъект шешімді орындау бойынша шаралар қабылдау туралы өтінішпен Сотка жүгіне алады. Субъектінің өтініш бойынша Сот өтініш түскен күннен бастап 15 күн ішінде аталған мәселеле бойынша шешім қабылдау үшін Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңеске жүгінеді (115 тармак).

Қорытынды

ЕАЭО Сотының халықаралық құқықтық нормативтік құжаттарын бойынша қабылдайтын актілерінің бірнеше түрі болады. Олар: қаулылар, консультативтік қорытындылар және шешімдер.

ЕАЭО Сотының қаулысы екі түрге бөлуге болады:

1) Соттың жеке дара акті ретінде шығарылатын қаулы. Ол Соттың кеңесу бөлмесінде шығарылуы тиіс және Регламенттің Сот шешімдерінің қоятын талаптарына сәйкес болуы керек;

2) хаттамалық қаулы. Сот мәжілісінің залында шығарыла береді, аузынша жарияланады және сот мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

Қаулылардың аталған екі түрінің, яғни жеке дара және хаттамалық қаулылардың айырмашылығын процедуралық жағынан ғана өткізуге болады деп есептейміз.

Бұған қоса, ЕАЭО Соты қаулылардың тағы бір түрін қабылдайды, олар дауға қатысушы тараптың өтініші бойынша қабылданатын Сот шешімін түсіндіретін қаулы. Қаулылардың бұл түрінің болуы Сот Статуттың 117 тармағында көрсетілген. Ол тармақта дауға қатысушы тараптардың негізделген өтініші бойынша Сот шешімі Соттың өзімен түсіндіріліп беріле алады, бірақ мұндай түсіндіру кезінде шешімнің мәні мен мазмұны өзгермеуі тиіс делінген. Мұндай қаулыларға қойылатын талаптар «Сот шешімін түсіндіріп беру» деп аталатын Сот Регламенттің 87 бабында бекітілген.

Демек, ЕАЭО Соты қаулылардың үш түрін қабылдай алады: жеке дара қаулылар, хаттамалық қаулылар және Сот ісін түсіндіріп беретін қаулылар.

ЕАЭО Соты актілерінің екінши түрі консультативтік қорытындылар. Олар, Сот Статуттың 96 тармағына сәйкес Сотқа түсіндіру (талқылау) туралы өтініш түскен күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей шығарылатын шешімдер. Статуттың 98 тармағына сай түсіндіру (талқылау) туралы өтініш бойынша қабылданатын консультативтік қорытынды ұсынымдық сипатта болады, яғни оның міндеттеуші құші болмайды.

ЕАЭО Сотының шығаралатын шешімдері екіге бөлінеді:

1) Статуттың 39-бабының 1-тармагымен көзделген дауларды қарастыру нәтижесінде шығарылатын шешімдер. Олар дауға қатысушылармен орындалуға міндетті шешімдер (99 тармак);

2) Статуттың 39-бабының 2-тармагымен көзделген дауларды қарастыру нәтижесінде шығарылатын шешімдер. Олар Комиссиямен орындалуға міндетті шешімдер (100 тармак).

ЕАЭО Соты шешімдерінің бірінші түрі мүше-мемлекеттің өтініші бойынша қарастырылған іс бойынша шығарылса, екінши түрі шаруашылық субъектісінің өтініші бойынша шығарылады. Сонымен кatar, ЕАЭО Соты шешімінің бірінші түрі мүше-мемлекеттің басқа мүше мемлекетке (мүше мемлекеттерге) немесе Комиссияға қарсы өтініші бойынша қабылданса, екінши түрі шаруашылық субъектісінің Комиссияға қарсы өтініш бойынша қабылданады. Бұл ЕАЭО Соты шешімдерінің субъектілер бойынша айырмашылығы.

Екіншіден, ЕАЭО Соты шешімдерінің процедуралық мәселелер бойынша айырмашылығы бар. Яғни, ЕАЭО Соты шешімдерінің бірінші

түрі Соттың Үлкен алқасымен қарастырылса (оның құрамына барлық судьялар кіреді), екінші түрі - Сот алқасымен қарастырылады (оның құрамына судьялардың жартысыға, әр елден бір судьядан кіреді).

Үшіншіден, ЕАЭО Соты шешімдерінің құқықтық салдары бойынша да айырмашылығы бар. Яғни, Сот шешімдерінің бірінші түрі - Үлкен алқамен қарастырылған істер шағымдануға жатпайды (оларға шағым келтіруге болмайды), ал шешімдердің екінші түріне - Сот алқасымен қарастырылған істерге Апелляциялық палатага шағым келтіруге болады.

ЕАЭО Сотының барлық шешімдерін қабылдайтын субъектісіне қарай үшке болуға болады: Сот Алқасымен, Соттың Үлкен Алқасымен және Апелляциялық палатамен қабылданатын шешімдер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Договор о Евразийском экономическом союзе (Астана, 29 мая 2014 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565247
2. Статут Суда Евразийского экономического союза. Приложение №2 к Договору о Евразийском экономическом союзе (Астана, 29 мая 2014 года) // http://www.translation-centre.am/pdf/Trans_ru/EVRAZES/Annex_2_ru.pdf
3. Суд Евразийского экономического союза // <https://ru.wikipedia.org/wiki>
4. Решение Высшего Евразийского экономического совета от 10 октября 2014 г. №85 «Об определении размера, валюты платежа, порядка зачисления, использования и возврата пошлины, уплаченной хозяйствующими субъектами при обращении в Суд Евразийского экономического союза» (г. Минск) (с изм. и доп. от 21.12.2015 г.) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31615698#pos=0;210
5. Решение Высшего Евразийского экономического совета от 23 декабря 2014 г. №101 «Об утверждении Регламента Суда Евразийского экономического союза» (г. Москва) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31643936#pos=0;105
6. Решение Высшего Евразийского экономического совета от 23 декабря 2014 г. № 102 «О порядке оплаты услуг экспертов специализированных групп, создаваемых Судом Евразийского экономического союза в рамках рассмотрения споров, предметом которых являются вопросы применения специальных защитных, антидемпинговых и компенсационных мер» // <http://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/70729364/?prime>
7. Евразийский экономический союз. Вопросы и ответы. Цифры и факты. – М., 2014. – 216 с.
8. Решение Высшего Евразийского экономического совета от 23.12.2014 N 101 «Об утверждении Регламента Суда Евразийского экономического союза» // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_147365/
9. Елисеев А. Суд ЕАЭС: ограниченный в правах, строгий к заявителям и мало популярный // <http://www.academia.edu/13742019>

А. Савчук

ЭПШП И ЕАЭС: ИЗМЕНЕНИЯ В РЕГИОНАЛЬНОМ БАЛАНСЕ СИЛ И ПОСЛЕДСТВИЯ ДЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Abstract. In this article is made an attempt to consider possible changes in the Central Asian balance of power as a result of geopolitical transformations caused by implementation of two large-scale projects - Russia guided Eurasian Economic Union and Chinese «One Belt, One Road». The decreasing interest of the United States to the region and the uncertainty about implementation of the «New Silk Road» project have led to the creation of a qualitatively new geopolitical situation, where Russian and Chinese initiatives are crucial for the balance of power in Central Asia. In this regard, on the basis of an analysis of the key characteristics, goals and peculiarities of two projects, as well as participation or non-participation in them of the regional states, there were identified possible consequences for Central Asia and regional balance of power. Finally, author comes to the conclusion that comparing two projects, Chinese «One Belt, One Road» is more attractive and profitable for Central Asian states, while the attractiveness and effectiveness of the Eurasian Economic Union are arguable. At the same time, the competing nature of EPS and EAEC leads to the need to separate spheres of influence and interests of Russia and China in the region, in order to maintain a balance of power. So, China is gradually becoming a key economic partner for Central Asia, while Russia maintains leading positions in the region's politics and security.

На протяжении последних нескольких лет geopolитическая конкуренция в Центральной Азии приобрела новый импульс, что вызвано рядом событий, оказывающих определяющее влияние на изменение баланса сил на обширном евразийском пространстве и в Центральной Азии в частности. К ряду этих событий, безусловно, можно причислить старт таких амбициозных и перспективных проектов как, Экономический пояс Шелкового пути, инициированный Китаем в 2013 году, и Евразийский экономический союз, возглавляемый Россией, учрежденный в 2015 году.

На фоне снижения интереса США к Центральной Азии после завершения активной фазы военной операции в Афганистане и закрытия военной базы в Манасе, а также сокращения финансовой помощи